

2009 жылға арналған ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарында мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 17 маусымдағы N 201 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 шілдеде N 13-4-88 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 122 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімдігінің 2010.04.30 N 122 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңы 7-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес және «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданының кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс орындары жалпы санының үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **3. Ж. Молдағанаповқа жүктелсін.**

3. «2009 жылға арналған ауданының кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс орындары мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» аудан әкімдігінің 2009 жылғы 20 ақпандағы № 56 қаулысының **к ү ш і ж о й ы л с ы н .**

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тастеміров